Мынбаева


# НҰРА

№ 3 (5034)
СЕНБІ,
19 қаңтар
2008 жыл

Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті


## АУДАН ӘКІМІНІҢ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ

*Қазір жергілікті атқарушы билік халықпен кездесіп, есеп беруде. Бұл дұрыс. Олар халықтың елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік – экономикалық және саяси реформалардан хабардар болуына, пікір алмасулар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік туғызуы тиіс. Бұл – атқарушы органдардың халықтың алдындағы жауапкершілігі мен есептілігін арттыруға қол жеткізудің, халықты мемлекеттік басқару процесіне тартудың әдісі. Мұндай кездесулер қоғамдық – саяси өмірдің бұлжымас ережесіне айналуы тиіс.*

Н.Назарбаевтың 2005 жылдағы Қазақстан халқына Жолдауынан.

## Ахметауылдықтар аудан басшысына үміт артуда

Аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың халық алдындағы есебі Ахмет ауылынан басталды. Есеп беру кездесуі ауылдағы Мәдениет үйінде өтті. Бір қуантарлығы тұрғындардың белсенділік көрсетіп, қалың жиналуы болды. Есептің толық мәтіні аудандық «Нұра» газетінде жарияланғандықтан аудан әкімі ауданның әлеуметтік – экономикалық даму бағдарламаларының орындалуына қысқаша тоқталып, негізінен осы ауылдың әлеуметтік – экономикалық жағдайына баса көңіл аударды. Ауылда тұратын 1339 адамның жұмыс істейтіні – 451, зейнеткері 172, мектепте оқитыны -274. Әлеуметтік обьектілер бар және қалыпты жағдайда жұмыс істеуде. Өткен жылы осы ауылдағы орта мектепке қосымша ғимарат құрылысына облыстық бюджеттен 30,0 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілген. Биылғы жылы 44,7 млн теңге қаржыға бұл құрылыс аяқталып пайдалануға берілуі тиіс. Ислам даму банкі арқылы 2007 жылы су құбырларына 62,3 млн теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, 2010 жылы ауылда дәрігерлік амбулатория салу, 2009 жылы қазіргі мектеп ғимаратын 15 млн теңгеге күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Ауыл аймақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сай жүргізілген мониторинг бойынша ауыл даму потенциалы жоғары ауыл санатына жатқызылған. Бір жылдағы жан басына шаққандағы кіріс 58 мың теңгені құраған, бұл жалпы аудандық көрсеткіштен (136,5 мың ) көп төмен.

Аудан басшысы жер мәселесіне ерекше тоқталды. Жер – біздің ең басты байлығымыз, ендеше оған көзқарас та сондай деңгейде болуы тиіс. Ахмет- ауылында 71968 гектар жер бар, оның шабындығы 7310 га, пайдаланылмайтын егістік жері - 10802 га. Ауыл аумағында үш заңды тұлға және 45 шаруа қожалығы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізеді. Оның ішінде «Ахметауыл» ЖШС-сі -19%, «Бірлік» ЖШС-сі -15%, «Ырыс» ЖШС-і 16% және шаруа қожалықтары 36 %-ын құрайды.

Бірақ егістік жерді мақсатты, тиімді пайдалану деңгейі Ахметауылында -36%, бұл аудан бойынша көрсеткіштен 74% неғұрлым төмен. Атап айтсақ, «Бірлік» өткен жылы 2815 гектардан 545-іне ғана сепкен, яғни 20% ал «Ахметауыл - 2030» 3508 гектардан 1288 – іне ғана сепкен, яғни 37%, «Ырыс» - 2979 гектардан – 1847-сіне ғана сепкен,яғни 60%. Олар сондай-ақ тұрақтандыру қорын қалыптастыруда да ешқандай үлес қоспаған.

Ал шаруа қожалықтарына келсек, жағдай мүлдем сорақы деп айтуға болады. 45 шаруа қожалығынан 2005 жылы - 34, 2006 жылы -10, 2007 жылы 12-сі ғана егін еккен. Барлық 8810 гектардың 3630 гектары ғана себілген. Шаруа қожалықтарының 35%-ы кейінгі 3-4 жыл бойы жерін пайдаланбаған. Олар: Жаманбаев, Ершов, Титимов, Батталов, Мухамедин, Нуритдинов, Жолдыбаев, Омаров, Сұлтанбеков, Еримов, Мухаметжанов т.б шаруа қожалықтары, олар сондай – ақ жерлерін өңдемейді, жермен жұмыс істемейді. Осы өзекті мәселені қозғай отырып, аудан басшысы ҚР-ның Жер кодексіне 2007 жылдың шілде айында енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес мақсатты пайдаланылмай отырған жерлер, жер учаскелері сот шешімі арқылы қайтарып алынатындығы жайында қатаң ескертті.

Берекесіз шаруашылықтарды ірілендіру, агротехникалық шаралар жүргізу, ауылдық тұтынушылар кооперативін құру жұмыстары жүргізілмеген.

Білім беруде БҰТ нәтижесі бойынша 62,6% ол аудандық көрсеткіштен 65,5% төмен. Өткен жылда С.Сейфуллин атындағы мектепке 1 физика, 1 химия кабинеті, мультимедиялық кабинет берілген, яғни материалдық база едәуір нығайтылған.

Денсаулық сақтауда ауылдағы туберкулезбен ауыратындар саны 6-дан 8-ге дейін, онкологиялық ауыратындар саны 4-тен 6-ға дейін өскен.

Өз кезектерінде ауылдықтар да өздерін толғап жүрген мәселелерді бүгіп қалмай, ортаға салды. Оның ең бастысы – Елорданың іргесіндегі ауылдың бүгінгі ахуалы, шаруашылықтардың бытырап, инвесторлардың қайта-қайта ауысып, берекесіздікке әкелуі, соның салдарынан жер бүгінгі таңда табыс көзі бола алмай отыр. Шаруашылықта көп жылдар еңбек еткен ауылдықтар Жұмабеков Қ., Қалиев Қ. аудан әкімінің жасаған жан – жақты есебіне және алда атқарылар жұмыстарға қанағаттанғандық білдіре отырып, аудан әкіміне келешекте бір кезде іргелі шаруашылық болған ауылды қалпына келтіру, жаңа деңгейге көтеру мақсатында сенімді инвестор тартуды және осы мәселені өз бақылауына алу жөнінде өтініш айтты.

Ал Коновалова А, Әлпейісов А., Құрманов С. қойған сұрақтарды аудан басшысы өзімен бірге жиынға қатысқан лауазымдарға оң шешуді тапсырды.

Кездесуге облыстық ішкі саясат департаментінің бөлім меңгерушісі Қайрат Нүркенов қатысты.

## *Басты міндет – халық сенімінен шығу*



Көбетей ауылындағы кездесуге де халық көп жиналды, әсіресе ауыл ақсақалдары, жастар, т.б белсенділік танытты. Елбасының тапсырмасымен өткізіліп жатқан кездесулер екі жаққа да тиімді екендігін өмір көрсетіп отыр. Аудан басшысы ауданның әлеуметтік – экономикалық даму көрсеткіштеріне қысқаша тоқталып, ауылдың бүгінгі жағдайына көшті. Ауыл даму потенциалы 1-ші дәрежедегі ауыл санатына жатқызылған. Бір жан басына шаққанда жыл бойындағы кіріс 73,6 мың теңгені құраған, ол аудандық көрсеткіштен (136,5 мың теңге) 62,9мың теңгеге төмен.

Бұл кездесуде де аудан басшысы жер мәселесіне ерекше тоқталды. Шаруа қожалықтарының 2709 гектарынан тек 47% пайызы ғана пайдаланылған. 36 шаруа қожалығынан 2007 жылда 14-і ғана егін еккен. 3-4 жыл бойы жерді пайдаланбай отырғандар да бар. Олар: Ахметжанов, Сәтенов, Қожантаев, Ысқақов, Байжұманова. Бұл орайда, аудан басшысы тағы да Жер кодексіне енгізілген өзгертулер жайында жиналғандардың естеріне салып өтті. Жалпы ауылдағы ауыл шаруашылық құрылымдардың биылғы өнімдері мардымсыз болды. Бір гектердан алынған өнім 4,3 ц, яғни аудандық көрсеткіштен 5 центнерге төмен.

Ауылды дамыту үшін жер мәдениетін арттыру, агротехникалық шараларды кешенді түрде жүзеге асыру, ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру сияқты мәселелерді тез арада қолға алу қажеттігі туындап отыр. Ол үшін бірлесіп күш жұмылдыру қажет, әрине.

Білім беруде тағы да БҰТ нәтижесі 61% аудандық көрсеткіштен төмен, өткен жылда мектепке физика және химия кабинеттері берілген.

Денсаулық сақтауда ауылда онкологиялық аурулар саны 10-нан 14-ке дейін өскен.

Ең бірінші болып сөз алған ауыл ақсақалы, 85 жасар зейнеткер-ұстаз, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Махмет Темірұлы аудан басшысына осы аз уақыт ішінде атқарып жатқан игі істері, әсіресе тілге, мәдениетке оң бетбұрысы үшін ризалығын білдіріп, өзінің «Арман мен азап» атты кітабын сыйға тарта отырып, алдағы ауданның 80 жылдық мерейтойына өзі Нұраның түлегі, Нұрамен бірге өсіп, біте қайнаған нұралық ретінде барынша үлес қосатындығын жеткізді.

Одан соң, сөз алған зейнеткер Кутищева Е., ұстаз Махметов Б., ауыл ақсақалдары Жакенов Ж., Дүйсенов Қ., аудан басшысының өздерімен кездесіп, жан-жақты есеп беруіне, атқарылған және алда атқарылатын істерге оң бағаларын беріп, осы игі істерден шет қалмай, әрбір ауыл тұрғыны өз үлесін қосып, бірігіп жұмыс жасайтындықтарына сендірді.

Кездесуге облыстық ішкі саясат департаментінің бөлім меңгерушісі қатысты.

**Б.САҒЫМБЕКҚЫЗЫ.**

**Суретте: М.Темірұлы аудан әкімі С. Шайдаровқа кітабын ұсынуда.**

## ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРА ОТЫРЫП

***Президент Н.Ә. Назарбаевтың ел халқына Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдердің мөлшерін арттыру туралы Үкімет қаулысы шыққаны еліміздің түкпір-түкпірінде оң серпіліс туғызды. Қарттар мен ардагерлеріміздің көңілінен шыққан осы шешімге орай өздерінің ризашылықтарын білдірген үнқатулардың бір тобын жариялап отырмыз.***

## Аға ұрпаққа лайықты құрмет

Қарт кісілерін құрметтей білген мемлекеттің болашағы да баянды болмақ. Құдайға шүкір, бұл тұрғыдан қарағанда біздің еліміз ертеңінің еңселі бола бермегіне ешбір күмән жоқ. Республиканың экономикасы көтеріліп, табысы тасыған сайын әлеуметтік жағдай да соның екінші сыңарындай болып жақсарып келеді. Мұның қабатында жұрттың жалақылары мен зейнетақылары да өскен үстіне өсе түсуде. Мұндай серпілістерді қазір жыл сайын бастан кешіп жүрміз.

Біз бұрын зейнетақыға қосылатын үстемені Елбасының кезекті Жолдауы жарияланғаннан кейін алып жататын едік. Бұл жолы жаңа жыл табалдырықтан аттаған бойда жағымды жаңалыққа тап болдық. Үкіметтің осы жөніндегі қаулысымен танысып шыққан соң, көңілді қуаныш кернеді. Мәселе алатын ақшаның белгілі бір мөлшерге артып отырғанында ғана емес. Біле білгенге бұл – бұрын еткен еңбегінің есесін қайтаруға бағытталған құрмет те. Мен өз басым мұны осылай бағалаймын.

Енді өзімізге осындай қамқор болған мемлекетіміздің жетістігі де жалғасты болсын.

**Қ.ДОСЖАНОВ,**
**зейнеткер,Кертінді ауылы**

## Ана мен балаға қамқорлық басты назарда

Мемлекетіміздің, Елбасымыздың ана мен баланы әлеуметтік қорғауға айрықша мән беретіндігі қуантады. Үлкен кісілердің аузынан да жақсы ниеттер мен ризашылық пейілді жиі естимін. Соның бір дәлелі – Үкіметтің биылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы қаулысы.

Елімізде балалы отбасыларды 9,5 миллиард теңге қосымша қаражат қарастырылып, оны жүзеге асыру ойдағыдай атқарылуда. Бұл мемлекетіміздің дәулеті артып, адамдардың тұрмысы жақсара түсетінің белгісі. Мен осы үшін, балаларымның жарқын болашағы үшін қуанамын.

**Р. ЖАПАНОВА, Шағаман ауылы**
**көп балалы ана.**

*ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ*

## Талапты ердің тоны тозбайды

Міне, биыл да Елбасының тапсырмасымен жүзеге асырылатын аудан әкімінің халықпен дәстүрлі кездесуі болып өтті. Дегенмен, биылғы кездесу бұрынғылардан өзгеше болды. Әрине, аудан әкімі С.Шайдаровтың халық алдындағы есебінің толық мәтінін өзіміздің «Нұра» газетінен асқан зейінмен танысқан едім, бірақ ауызба-ауыз, көзбе-көз сұхбаттасқанға не жетсін.

Енді биылғы есеп берудің ерекшеліктеріне тоқталсам: ең алдымен аудан басшысы бюджет қаражатының тиімді де мақсатты жұмсалуынан және алдағы уақытта жүзеге асырылар жобалардан көпшілікті егжей-тегжей хабардар етуі. Одан кейінгі ерекшелігі - әрбір ауылдың даму жағдайына толық талдау жасалуы. Мысалы жерді дұрыс пайдаланбай отырғандарды тегіс атап шықты, бұдан кейін ол азаматтар бір қорытынды шығарар.

Ал енді өзім Нұрада туып, осы елдің азаматы болғандықтан ауданның 80 жылдығы жайында аудан басшысының ауқымды жоспарлары мен терең ой-пікірлері кімді болмасын қуантарлық.

Ендеше осы алдағы ауданымыздың көркеюіне арналған игі істердің орындалуы аудан әкімінің жанындағы ең алдымен оның командасынан, ауыл әкімдерін және жалпы біздерден бірігіп қолдау көрсетіп, күш жұмылдыруды қажет етеді. Ал Серік Жаманқұлұлына осы қызметінде сәттілік тілеймін.

**Ж.ЖАКЕНОВ,**
**зейнеткер, Көбетей ауылы.**

* * *

## Сеніміміз мол

Аудан әкімі Серік Жаманқұлұлының есеп беру баяндамасында ауданымыздың алдағы жылдарда атқарылатын ауқымды шаралары көңілге үміт ұялатады. Ауданымызда жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды түгелдей саралап, әрбір қарапайым адам түсінетіндей жетімді түрде айтып берді. Әр ауыл проблемасына жете тоқталды. Бұл аудандағы атқарушы биліктің жұмысының нәтижесі деп санаймын. Алдағы жоспарлар ауылдарға келіп біздердің пікірлерімізді біліп, соның қорытындысы мен ұсыныстар нәтижесінде ғана жасалады екен, ол өте орынды.

Біздің ауданға жаңада келгенімен, Серік Жаманқұлұлының Жаңарқа ауданында атқарған оң істерін; бассейнімен бала бақша, жасанды шөппен қапталған алаңы бар спорт кешені, т.б облыстық баспасөз беттерінен оқып, білгенбіз. Енді біздің Нұрада да сондай жаңа обьектілер бой көтеретіні сөзсіз.

**Қ.ҚАЛИЕВ,**
**бұрынғы комсомол,**
**партия, кеңес қызметкері, Ахмет ауылы**

***«Жергілікті атқарушы органдар басшыларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Мемлекет басшысының 2005 жылғы 6 сәуірдегі №1546 Жарлығын іске асыру мақсатында аудан әкімінің тұрғындармен есепті кездесу кестесі***

***В целях обеспечения реализации Указа Главы государства от 6 апреля 2005 года №1546 (о проведение отчетных встреч руководителей местных исполнительных органов с населением) публикуется***

**ГРАФИК**
**Проведения отчетных встреч акима Нуринского района с населением**

| № | Место отчета (наименование поселка, села, райцентра ) | Дата отчетной встречи | Время отчета | Место проведения |
|---|---|---|---|---|
| 1. | с.Тассуат | 22.01.2008 | 11.00 | Клуб |
| 2. | с.им. Мынбаева | 22.01.2008 | 15.00 | Дом культуры |
| 3. | с. Балыктыколь | 23.01.2008 | 12.00 | Здание аппарата акима села |
| 4. | с.Щербаковское | 24.01.2008 | 12.00 | Дом культуры |
| 5. | с. Изенда | 24.01.2008 | 16.00 | Спорткомплекс |
| 6. | с. Заречное | 25.01.2008 | 11.00 | Клуб |
| 7. | с. Карой | 25.01.2008 | 15.00 | Школа |
| 8. | с. Талдысай | 28.01.2008 | 11.00 | Школа |
| 9. | пос. Шубарколь | 28.01.2008 | 16.00 | Школа |
| 10. | с. Ткенекти | 29.01.2008 | 09.00 | Клуб |
| 11. | с. Жанбобек | 29.01.2008 | 12.00 | Школа |
| 12. | с. Баршино | 29.01.2008 | 16.00 | Здание аппарата акима села |
| 13 | с. Куланотпес | 30.01.2008 | 11.00 | Клуб |
| 14. | с. Соналы | 30.01.2008 | 16.00 | Школа |
| 15. | пос. Киевка | 01.02.2008. | 15.00 | Дом культуры |

**Телефоны горячей линии: 22-5-43, 21-6-32, 21-7-21.**

## ОТЧЕТНЫЕ ВСТРЕЧИ АКИМА РАЙОНА ПЕРЕД НАСЕЛЕНИЕМ

***Прозрачность деятельности исполнительной власти должна стать нормой.***

***Сейчас идут отчетные встречи местной исполнительной власти с населением. И это правильно. Отчетные встречи должны способствовать информированности населения о проводимых в стране социально-экономических и политических реформах, обмену мнениями, предложениями. Это способ добиваться повышения ответственности и подотчетности исполнителных органов перед населением, широкого вовлечения народа в процесс государственного управления. Эти встречи должны стать нормой общественно – политической жизни.*** (Из Послания Президента народу Казахстана).

# Все – на благо жителей

Отчетная встреча с жителями села Пржевальское началась с информации акима района С.Шайдарова о социально-экономическом развитии района, в котором нашли отражение основные показатели выполнения районных программ, а так же планы на будущее. Затем руководитель района подробно остановился непосредственно на село Пржевальское.

В селе проживает 788 человек, из которых 304 работающих и 69 пенсионеров. По итогам мониторинга Государственной программы развития сельских территорий село отнесено ко 2-ой ка-



тегории – село со средним потенциалом развития. В селе имеются все социальные инфраструктуры, которые оказывают услуги населению.

В 2007 году за счет областного бюджета разработана проектно-сметная документация на реконструкцию водопровода на сумму 8,8 млн тенге. А реконструкция водопровода планируется на 2008-2010 годы на средства республиканского бюджета. Так же в 2007 году из средств областного бюджета разработана проектно-сметная документация на капитальный ремонт дороги Шахтерское – Пржевальское на сумму 12,6 млн тенге. Проведение капитального ремонта дороги планируется в 2008-2010 годах на сумму 1011,1 млн тенге, из них на 2008 год выделено 364,0 млн тенге.

Градообразующим в селе является ТОО «Пржевальское», обьем валовой продукции сельского хозяйства которого в 2007 году составил 603,3 млн тенге, что на 74,9 млн тенге больше чем в 2006 году. **Валовая продукция сельского хозяйства на душу населения в 2007 году составила 789,9 тыс тенге, то есть в 3,2 раза больше от среднерайонного (246,3 тыс тенге). Собрано** 27649,9 тонн зерновых, что больше на 6181,2 тонн, чем в прошлом году. Урожайность зерновых культур составила 11,5 центнеров с гектара, что на 2,2 центнера выше среднерайонного. Успешно внедряется научно обоснованные влаго-ресурсосберегающие технологии. Из 14 крестьянских и фермерских хозяйств в 2007 году сеяли 10**. Использование пашни по селу Пржевальское составляет 98,4% (по району – 74%). Приобретено 250,9 тонн элитных семян, реализовано 1212 тонн семян 2-ой репродукции.**

**А так же ТОО «Пржевальское» приняло весомое участие в создании стабилизационного фонда района, составившего на сегодняшний день 23026 тонн зерна. Ими сдано 4572 тонн зерна, что составляет 19,9% от районного обьема.** За что аким района поблагодарил руководство ТОО Таттыбаева Э.Б.

Далее аким района остановился на вопросах образования, здравоохранения и занятости населения, состоянию преступности.

Успехи учителей Пржевальской школы по повышению качества знаний ощутимы, этому свидетельствуют результаты ЕНТ -68, 1%, что на 2,6% выше среднерайонного.

Жители села тоже не остались в стороне, проявили активность, выражая свои мнения. Так выступившая Пупейко Т.П. отмечая подробность и доступность отчетного доклада акима района, выразила свою удовлетворенность сегодняшним преобразованиям, происходящим в районе и внесла предложение о строительстве сельского клуба, который бы отвечал требованиям сегодняшнего дня. А учителя школы выразили свою благодарность за проявленную заботу в увеличении коммунальных услуг в денежном выражении. Ниязбеков Е. поднимал вопрос тренажерного зала и.т.д.

Выступая на этой встрече депутат районного Маслихата, руководитель ТОО»Пржевальское» Таттыбаев Э.Б поблагодарил акима района, за заботу о сельчан и что бюджет района повернулся лицом к сельчанам, это значит что проблемы пржевальцев уже скоро будут решены. В свою очередь он заверил руководство района, что ТОО «Пржевальское»и в дальнейшем будет принимать самое активное участие в развитии села.

На отчетной встрече принял участие заведующий отделом областного департамента внутренней политики Нуркенов К.К.

**На снимке: жители села Пржевальское вниметельно слушают отчет акима района С.Шайдаров.**

# Жизнь улучшается с каждым днем

В сельском Доме культуры села Шахтер собрались жители села для отчетной встречи с акимом района С.Шайдаровым. Аким проинформировал сельчан о проведенной работе в 2007 году, ознакомил с планами на 2008 год, затем перешел непосредственно к селу «Шахтерское».

В селе проживает 1209 человек, их них работающих – 345, пенсионеров 117, учащихся 258. Имееется все социальные инфраструктуры, в том числе Дом культуры и СВА частные, которые оказывают все необходимые виды услуг.

В 2008 году из средств областного бюджета планируется разработка проектно-сметной документации на реконструкцию водопровода на сумму 6,5 млн тенге, проведение реконструкции водопровода планируется в 2009-2010 годах на сумму 158,0 млн тенге.

Учитывая перспективу развития села, руководство района считает необходимиым строительство типовой современной школы.- По итогам мониторинга Государственной программы развития сельских территорий село отнесено к 1-ой категории – село с высоким потенциалом развития.

В селе действует ТОО»Шахтерское», который в 2007 году грамотно и четко проводя работу по агротехнике, внедряя научно обоснованные влагосберегающие технологии, получил самый высокий урожай зерновых т.е 19,4 ц\га, что в 2 раза выше средней урожайности по району. Хозяйство является элитно-семеноводческим, реализует элитные семена и семена первой репродукции. Сельхозтоваропроизводители села приняли активное участие в создании стабилизационного фонда, сдав 5526 тонн зерна, что составляет 24% от общего количества.

Точкой роста села считаем развитие переработки зерна с использованием имеющегося сырьевого потенциала, учитывая направление в диверсификации экономики, развитие многопрофиль-



ности с конечной целью увеличения промышленной продукции.

Далее аким района останавливаясь на вопросах образования обратил внимание педагогов на повышение качества образования.

Выступивший в прениях депутат районного Маслихата, руководитель ТОО «Шахтерское» Г.Прокоп поблагодарил акима района за высокую оценку труда шахтерцев и выразил надежду, что и впредь их помыслы будут нацелены на совместную работу во благо жителей и страны в целом. А так же самое активное участие примут в подготовке и проведении 80 –летия района, отмечая этот юбилей добрыми делами.

На отчетной встрече принял участие заведующий отделом областного департамента внутренней политики Нуркенов К.К.

**На снимке: зал села Шахтерское.**

## АУДАН ӘКІМІНІҢ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ

# Ананың ақ батасы қабыл болғай!

Аудан әкімінің кезекті кездесуі Байтуған ауылында болып өтті. Жиналған қалың жұртшылықтың алдында аудан әкімі С.Шайдаров ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуы және алдағы жылда тұрған міндеттер жайлы толық хабардар етті. Ерекше осы ауылдың даму жағдайына тоқталды.

Байтуған ауылында 1425 адам тұрады, оның 1163-і Байтуғанда, 262-сі Жаңақұрылыс бөлімшесінде, оның әр салада жұмыс істейтіні 434, зейнеткерлер-153 (136 – Байтуғанда, 17 – Жаңақұрылыста), бала саны 374, оның ішінде оқушылар – 238.

Бюджеттік сала қызметкерлерінің орта жалақысы 35,3 мың теңгені құрайды. Ал кәсіпорындағы жалақы мөлшері бұдан едәуір төмен яғни, 14,9 мың теңге. Ауылға кіріс ақша көлемі 2007 жылда 66,1 млн теңгені құрады. Одан басқа 47 адамға 1016,1 мың теңге балалар жәрдемақысы, 12 отбасына 284,3 мың теңге атаулы әлеуметтік көмек, 13 тұрғынға тұрғын үй жәрдемақысы төленген.

Ауыл аймақтарының даму мемлекеттік бағдарламасы мониторингісінің қорытындысы бойынша ауыл даму потенциалы жоғары ауыл дәрежесіне жатқызылған. Бір жан басына шаққандағы жыл кірісі 87,3 мың теңгені құрайды, бұл аудан бойынша орта көрсеткіштен (136,5 мың теңге) 49,2 мың теңгеге төмен.

**Әдеттегідей аудан басшысы жер мәселесіне ерекше тоқталды**.

Байтуған ауылының жерлері жалпы 42538 гектарды құрайды. Оның шабындығы 415, жайылымы 19406, егістік – 19863 гектар. Ауыл аумағында ауыл шаруашылық өндірісін «Құлагер» ӨК және 75 шаруа қожалықтары жүргізеді. Егістіктің 32% ы « Құлагер» ӨК-не немесе 6544 гектар және шаруа қожалықтарына 66%, яғни 13241 гектар. «Құлагер» ӨК-і өз қарамағындағы жерге толығымен егін септі, яғни пайдалануы 100% . 75 шаруа қожалығынан өз жерлеріне егін еккені – 50, яғни 67%.

Егістік жердің пайдаланбауының ең көбі Шахманов шаруа қожалығында, яғни 792 гектар, ең азы Исаев, Хамитовта – 30 гектардан. Ал мына шаруа қожалықтары егін сеппеген: Әмірзадин Е, Әбішев Е, Жолдыбаева С, Жамбаева Г, Жұртболова М, Жүнісова Р, Ильясова Г, Исаева Б, Каппарова К, Қасымова Ж, Қожуханова Е, Құсайынова Р, Литвиненко А, Литвиненко Ю, Маден Д, Мұхаметжанова К, Масуғулова М, Омарова С, Сұлтанова Р, Төлбаева М, Үсенова К, Хамитова Ж, Шаяхметова Б, Ыбраева С.

Білім сапасы туралы сөз етсек, БҰТ қорытындысы бойынша сіздердің мектептеріңіздің көрсеткіші 68,1%,яғни орта аудандық көрсеткіштен 2,6 балға жоғары. Компьютермен қамту деңгейі аудандық көрсеткіштен төмен, яғни 1 компьютерге 12,8 оқушы келеді. (аудан бойынша – 9,5 оқушы).

Бюджетте қаралған жаппай оқыту қорынан Путь Ленина орта мектебіне, аз қамтылған отбасынан 30 оқушыға киім және оқу құралдарын алуға 72,8 мың теңге, мектеп жанындағы жазғы лагерьде балаларды тамақтандыруға 103,3 мың теңге, Жаңақұрылыс негізгі мектебіне 25 оқушыға 97 мың теңге және 34,4 мың теңге бөлінген.

Арыз және өтініштер жәшігіне арыздар түспеген. Аудан әкімінің есебін мұқият тыңдаған байтуғандықтар өздерін толғап жүрген ірілі-ұсақты мәселелерді де ортаға салды.

**Шахманов Ы.-** шаруа қожалығының басшысы: Жаңақұрылыс ауылындағы ауыз су туралы мәселені көтерді, яғни су құбырлары жүргізілген, бірақ су сорғысының істен шығуына байланысты бүгінгі таңда тұрғындар суды тасып, ішіп отыр. Бұл мәселені мұқият тыңдаған аудан әкімі, ауылдықтарды мәселенің оның оң шешімін табатынына, яғни басқа су сорғысын әперу арқылы шешуге болатынына сендірді.

**Батталов Қ.,** кәсіпкер: жиһаз шығарумен шұғылданады, сол бұйымдарды аудан аумағында сату мәселесіне қол ұшын беруді өтінді. Бұл сұраққа аудан басшысы:

- Жалпы Елбасымыздың жүргізіп отырған саясаты – шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, сондықтан да өзім де осындай бағытты ұстанамын. Көтеріп отырған мәселеңіз өте орынды. Сондықтан бала бақшасына немесе мемлекеттік ұйымдарға жиһаз сатып алуға конкурс жарияланады, сонда заңнамаға сәйкес құжаттар әзірлеп қатысыңыз, ал өз тарапымнан қолдау көрсетемін,-деді.

Кездесу соңында сахнаға ақ жаулықты ана көтерілді. Ол - көп балалы «Батыр ана» - **Мұқанова Ажар** еді.

– Ауданымызға келгеніңе 40 күн болса да, 40 күнде 40 айдың жұмысын атқардың, оны үйде отырып–ақ естіп, біліп жатырмыз, қызметіңе сәттілік тілеймін! Елбасының қасында өзіңдей азаматтар болса, еліміз де қарыштап дамып, көркейе түседі. Қадамың құтты болсын, Серік бауырым!- деп ағынан жарылды. Сөйтіп, бұл кездесу ананың ақ батасымен аяқталды.

**Өз тілшімізден**.

# МАҚСАТ – ауылдықтар өмірін жақсарту

Аудан әкімі С.Шайдаров өзінің Майоровка ауылындағы есеп беру кездесуін осы сөздермен бастады, Елбасының тапсырмасымен халықпен жүзбе жүз кездесіп, алдағы атқарылар шараларды ауқымды ұсыныстарды тұрғындардың өз аузынан естіп, оларды жоғарғы орындарға жеткізу – есеп беру кездесулерінің басты мақсаты.

Алдымен ауданның 2007 жылдағы әлеуметтік –экономикалық дамуына, онан соң алдағы атқарылар шараларға тоқталған аудан басшысының назарынан ауыл ахуалы да тыс қалған жоқ.

Майоровка ауылының шаруашылықтары 289,9 млн теңгенің өнімін өндірген, яғни бұл былтырғыдан 67,3 млн теңгеге артық. 9730 тонна астық жиналған, бұл 2006 жылдағыдан 3433 тоннаға артық, өнімділігі 7,8ц/га.

Бір қуантарлығы ауылдағы ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру жұмысы жақсы жүргізілген, сөйтіп 15 шаруа қожалығы «Нұр астық» ЖШС-мен келісім негізінде біріккен.

Бірақ Майоровка ауылының шаруашылықтары облыстық тұрақтандыру қорына астық тапсырған жоқ, сөйтіп бұл маңызды істен тыс қалып отыр.



Одан соң аудан әкімі осы ауылдың шешілмей келе жатқан мәселелеріне тоқталды. Біріншіден, ол ауылдағы бұрын шаруашылықтың меншігінде болып келген, енді ғана аудандық медицина бірлестігінің меншігіне берілген отбасылық – дәрігерлік амбулатория ғимаратының жылыту жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі көтерілді.

Бұл мәселеге аудан әкімімен бірге осы жиынға арнайы қатысып отырған аудандық медицина бірлестігінің директоры Б.Еспаев жауап берді. Мәселе биылғы жылы оң шешуін табатын болды.

Екінші мәселе тұрғындарға телефон орнату жайында болды. Бұл мәселе 2007 жылда жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты, 2008 жылы ауылдағы телефон станциясы сандық жүйеге көшіріледі, ал ол дегеніміз қосымша абоненттерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әрі қарай аудан әкімі жиынға келген тұрғындардың сұрақтарына жауап берді. Зибарева А.-үй шаруасындағы әйел, ауылдағы ауыз су жағдайы, санитарлық тазалау, көркейту мәселелерін көтерді. Жакупова Г- кәсіпкер, несие алу мәселесін көтерсе, Ілиясова З. - Көбетеймен екі ортадағы 8 шақырым жолдың ұсталуы мен жөндеу, қардан тазалау мәселелерін жеткізді.

Аудан әкімі барлық сұрақтарды мұқият тыңдап, толық түсініктеме бере отырып, олардың ешқайсысының назардан тыс қалмайтынын, орындалуларының бақылауға алынатындығына назар аударды. Сөйтіп, залға симай тұрған халық ризалықпен тарқасты.

* * *

Құланөтпес ауылындағы кездесуге де халық сағына күткен кездесу іспеттес көп жиналды, бұның өзі де халықтың атқарушы билікке деген сенімін білдіргендей.

Аудан әкімінің мәліметін зор ықыласпен тыңдап, ауылдың бүгінгі жағдайы өздеріне белгілі болса да, ауыл тұрғындары ауданда алдағы кезеңде атқарылар істерге асқан қызығушылық танытты.

Ауылдың ең басты проблемасы жердің тиімді мақсатты пайдаланылмауынан, ол қазіргі таңда табыс көзі бола алмай отыр. Сондықтан да аудан басшысы тағы да жерді мақсатты пайдалануға баса назар аударды.

Әлеуметтік салаға келсек, ауылда барлық инфрақұрылымдар жұмыс істеп тұр. Ең бір қуанарлығы ауыл көптен су тапшылығынан көрген зәрулігі, биылғы жылы оң шешімін табатыны. Су құбырларын жүргізу 2007 жылы басталды, биылғы жылы аяқталмақ.

Ауылдың негізгі проблемалары, біріншіден – жол мәселесі. Әсіресе қыс айларында жолды қардан тұрақты тазалау. Бұл мәселеге осы жиынға арнайы келген аудандық тұрғын үй, коммуналды шаруашылық және автомобиль жолдары бөлімшесінің меңгерушісі Қ.Оспанов жауап берді. Яғни бүгінгі таңда Қарағандының «Темір-арқа» фирмасымен осы жолдарды қыс айларында тазалауға келісім шарт жасалып, бюджеттен қаражат та бөлініп қойылған екен.

Екінші бір мәселе – ол Құланөтпес – Киевка арасында қатынайтын автобус мәселесі болды. Бұл орайда аудан әкімі мәселенің қазіргі нарықтық қатынастар негізінде ғана шешілетінін жеткізді. Ал бүгінгі таңда Қарағанды – Құланөтпес тікелей автобусы қатынап тұр.

Одан кейін сөз алған ақсақалдар алқасының төрағасы Алдажұманов Т. Аудан әкімін ауылға келіп, халықпен кездесу өткізіп, олардың ой-пікірлеріне құлақ асқаны үшін ризалығын білдірді.

Елбасының Жолдауын жүзеге асыруда Сіз Жаңаркада да көп игі істер атқарыпсыз, ендігі күш жігеріңізді Нұрадан да аямассыз-, деп сенім білдірді.

Ауылдықтар белсенділік танытып едәуір сұрақтарды көтерді, бірақ оның ішінде ешбір жеке басқа қатысты мәселе болған жоқ, бәрі де сол өмір сүру деңгейін жақсарту, ауылды гүлдендіру сияқты мәселелер.

Жиынға қатысып отырған «Құланөтпес» ЖШС-нің төрағасы Д.Сыздықов, аудан әкімі С.Шайдаровқа осындай терең де мазмұнды есеп беруі үшін ризалығын білдіре отырып, ауылдықтар жағдайына өзіміз де көңіл бөлеміз, қолымыздан келгенді жасаймыз, ең жаман күндер артта, сондықтан да біріге отырып қана ауылымыздың еңсесін көтереміз-, деді.

* * *

Жараспай ауылындағы кездесу ауыл мектебінде өтті. Әдеттегідей аудан басшысы ауданның 2007 жылдағы әлеуметтік экономикалық дамуы және алдағы инвестжобалар жайында тұрғындарды хабардар етті. Сонымен қатар осы кездесулерде көтерілген мәселелердің орындалуы қадағаланып, олар әр деңгейдегі бюджеттік даму бағдарламаларына енгізілетіндігін де атап өтті.

Ауылдағы ең негізгі проблема – су мәселесі. Ол жайында сұрақты «Жараспай» ЖШС-ның басшысы С.Қоңырбаев қозғады. Іздестіру жұмыстары және басқа да жұмыстар 30,0 млн теңгеге жүргізілген, ал енді судың сапасы нашар, яғни ащы, пайдалануға болмайды.

Бұл орада аудан әкімі, бұл су іздестіру барысында жіберілген кемшілік, ендігі жерде тек суды тұздан арылту қондырғысын қоюды қарастыру керек екендігін түсіндірді.

Одан кейін көтерілген Әлпейісов Н. Су құбырларын жүргізу енді екі жылға созылып, 2009 жылы ғана аяқталады екен, соны биылғы жылы аяқтауға болмас па екен, ауылдағы телефон желісінің нашарлығын, спорттық құрал жабдықтармен қамтамасыз ету сияқты өзекті мәселелерді көтерді.

Көп балалы ана, бұрынғы ұстаз Білгішбай Шаймардан екі жылдан бері не жұмыс істемейтінін, не зейнетақы алмайтынын қынжыла айтқанда, аудан әкімі бұл мәселені шұғыл қарастыруды өзімен бірге осы жиынға қатысып отырған орынбасары З.Дауытоваға тапсырды. Жиынды қорытындылай келе аудан әкімі С.Шайдаров барлық жария етілген жобалар мен жоспарлар орындалады, оларды іске асыру бізге сын, сондықтан бәріміз бірігіп, елімізді, ауданымызды көркейтуге күш-жігерімізді жұмсаймыз,-деді.

**Беттің материалдарын әзірлеген: Бикен Ахметова**

НҰРА АУДАНЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

# ЖЫР ЖОРҒАСЫ - ЖОЛДЫКЕЙ

**Ежелден бері ақындық өнер, ақындар халыққа қастерлі. Соның ішінде – халық ақындарының орны бөлек. Олардың Қарағанды өңіріндегі соңғы бір үлкен шоғыры қырқыншы, елуінші жылдары жарқырап көрінді. Доскей, Қайып, Көшен, Ілияс, Тәужи, Хасен, Болман, Ғабдиман, Көлзақ кезінде өз орталарының гүлі, думаны болған. Осы топтың серкесінің бірі Жолдыкей ақын еді.**

Шындығын айтқанда оны қарағандылық халық ақындарының шоғырындағы дара тұлға десек асыра бағалағанымыз емес. Жырларының тіл көркемділігі, бейнелілігі, халықтығы, табиғилығы, өлең өнеріндегі өзіндік бет-болмысы ерекше көрініп тұрады.

Ақын 1884 жылы Жаңарқаның ең көрікті жері – Қарағаш орманының бел ортасындағы Сұлутерек деген әсем бөлікте кіндік қаны тамылған. Мұны:

*Сен едің туған жерім Сұлутерек,*
*Терегің күнге өрлеп өскен ерек.*
*Ардақты арападай мекенім-ай,*
*Саянда отырайын көлеңкелеп,*- деп басталатын

«Сұлутерек» өлеңі дәлелдейді.

Ақын ата-бабасының мекені – Қарағаш аймағы. Ал өмірінің соңғы жылдарын Нұра бойында өткізуіне не жай әсер еткендігіне тоқталатын болсақ. Қазақ ауылдарын коллективтендіру науқаны басталғанда осында бейқам өмір кешіп отырған елді ойда жоқта Нұра жаққа үдерте көштіреді. Айнабұлақ, Балықтыкөлден әрі асырып, сонау Ақмола түбіндегі Ахмет ауылына дейін шұбыртады. Көштің бір бөлігі Қайып Айнабековтың «Қолаң» дастанында жырланған, сұлу Қолаң қыз қаза тапқан осы аттас төбешік етегіндегі Көкөзек ауылына табан тіреп, тұрақтап қалады.

Ақын өлең-жырлар жазумен 1920 жылдардан айналыса бастаған. Бұл 35-36 жас шамасындағы кезі. Бұдан ертерек те жыр төгуге әуестенуі мүмкін. Тақырыптары әр түрлі. Көп ретте тылдағы еңбек адамдарының ерлігін бейнелеуге арналған. Заман ағымына қарай партия ұлылығын, Сталиннің данышпандығын дәріптеген өлеңдері де аз емес. Жалпы осы кезең шабыт атына қонған Жолдыкейдің ақындық өміріндегі буырқанған шақ болыпты. Облыс, қала берді республикалық ақындар айтыстарына қатысып, суырып салмалық өнерімен де дараланады.

Ғажайып сөз зергері Ғ.Мүсірепов 1943 жылы Қарағандыға келіп, бір топ айтыскер ақынды Алматыға алып бара жатқанында Жөкеңнен «Домбыра сазы» атты толғауды жазып алды.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те Алматыдағы айтыста Жолдыкейді бір тыңдағанынан өнеріне сүйсінген. «Совет ақындарының айтысы» деген мақаласында республикалық алғашқы айтысқа қатысушылардан Жөкеңнің есімін атап бөліп, айтыстан мынадай үзінді келтіреді.

*Шерубай, Сарысу мен Құланөтпес,*
*Өлеңмен қасиетін мақтап жетпес.*
*Суы бал, шөбі шүйгін мал анасы,*
*Тепсең де төңірегінен ырыс кетпес.*

*Арқада атағы асқар биік,*
*Қылыштай қыр арқасы бұлтқа тиіп,*
*Халыққа қашаннан аяулы бол,*
*Баянның Қарқарасын алған киіп.*
*Бір тау бар оның аты Қарқаралы,*
*Таулардың ағасындай Арқадағы.*
*Қаптаулы қалқып алар қазынасы мол,*
*Салмағы қандай безбен тарта алады.*

*Үш жүзде Ұлытауды кім білмейді,*
*Атағы айлық жерден дүбірлейді.*
*Сан батыр дабыл ұрған жерімін деп,*
*Әр тасы жорықты атап күбірлейді.*

30-50 жылдар қазақ әдебиетіндегі қызық құбылыс байқалған тұс. Ауыз және жазба поэзия бір-бірімен тамаша жарасым тапқан шақ. Белгілі ғалым-зерттеуші Е.Ысмайылов «Қазіргі халық ақындарының өнер жолы» атты мақаласында бұл кезеңдегі қазақ ақын-жыршыларын үш топқа бөледі. Біріншісі – хат танымайтын немесе шала сауатты ақындар. Екіншісі – хат танитын, бірақ жазба әдебиеті үлгісін терең меңгеріп кетпегендер. Үшіншісі – хат танитын әрі жазба әдебиеті үлгісін меңгеріп қалам тербеушілер.

Міне, бұл топтың ішінен Ж.Нұрмағамбетұлын екіншісіне жатқызуға болады. Яғни, хат танитын, бірақ жазба әдебиет үлгісін терең меңгеріп кетпеген ақын. Жөкеңнің араб әрпімен жазылған қолжазбасына қарағанда өмірінің соңғы жылдарында ғана есінде сақталғандарын жинақтап, қағазға түсірген тәрізді.

Жолдыкейдің жыр толғаулары ескі поэзия дәстүрінде келеді. Бұл түсінікті жай. Жастайынан даналық сөздерді, термелерді, дастандарды жаттап өсті. Соның әсері өлеңдеріне ерекше ықпал етті. Мұны:

*Кәрілік ең алдымен бастан келер,*
*Ағарып сақал менен шаштан келер.*
*Әлсіреп асқазаның тамақ талғап,*
*Онан соң ішетін астан келер*,- делінетін

«Кәрілік» немесе

«Жиырма бес» деген өлеңдерінен аңғаруға болады.

Осы орайда Жөкеңді ескі әдебиет пен жаңа әдебиетті жалғастырушы Қарағандыдағы соңғы өкілдерінің бірі десек, артық дау айтыла қоймас деп ойлаймыз.

Жыр жорғасы – Жолдыкей алдымен айтулы айтыстарымен аты шыққан адам. Көшен Елеуовпен, Ғабдиман Игенсартовпен айтыстары түрлі жинақтарда жарияланды. Ақын айтыс түрінің сирек қызық бір түрін де қолданған. Мәселен, Жөкең 1948 жылы қорасындағы сиырымен «айтысады». Айтыстың мұндай үлгісі халық поэзиясында кездеседі. Аңмен, малмен, тілті өлі мен тірінің атынан да айтысу ежелден бар әдет. Алысқа бармағаның өзінде Шашубайдың 1932 жылы қасқырмен «айтысқаны» белгілі. Онда атын жеп қойған қасқырды Шәшекең қақпан құрып ұстап алды да:

*Боз аттың құны үшін салдым қақпан,*
*Тұлпар еді су ішпеген лай-қақтан.*
*Жарлының жалғыз атын жегенінше,*
*Жауыз малын неге жемедің толып жатқан,* - деп қақпанда тыпырлаған көкжалға шүйлігеді. Шәшекең сияқты Жөкеңнің де соярға малы қалмай мұңын өзі арық, өзі соқыр сиырына шағады:

*...Сен едің үйлі жанның тиянағы,*
*Шиеттей жас бала бар ұядағы.*
*Барады бәрі жылап мазамды алып,*
*Ал енді Жөкең неден ұялады,*- дейді де

пышағын қайрай бастайды. «Тоқта, ақтық сөзім бар» деген соқыр сиыр өзінің де, иесінің де неге ауыр халге ұшырағандарын айтып, оған кінәлі «Көкөзек» колхозының астығын ұрлаушылар екенін әшкерелейді.

*...Түрің бар, мені көрсең бұзылатын,*
*Етім жоқ сойғанмен қызығатын.*
*Егер де тілімді алмай сойып алсаң,*
*Қағазға сөзім болсын сызылатын.*

*Астықтың ордасындай қара Нұра,*
*Наны жоқ сенен басқа бар ма сірә.*
*Әкетті мәшинамен алпыс қапты,*
*Сексеннен жалған десең бар да сұра.*

*Дәл кеше Киевканың қаласына,*
*Іңірде апақ-сапақ арасында.*
*Артып ап 8 қап ұн алып кетті,*
*Асылбек қос күреңнің шанасына.*

*Нан осыны ақиқат көргеніме,*
*Жағыпар ақ сарайдан бергенінде.*
*Жеткізсең айтқанымды заң орнына,*
*Соя бер, ризамын өлгеніме,* - деп сиыр түнде қорадан сыртқа сығалағанында, күндіз суат барып жүргендегі көрген-білгендерін жайып салады.

Ақын өлең-жырлары ішінде туған жерді, өскен ортаны суреттеген туындылары алуан түрлі табыстарды, советтік өмірді мадақтағандарынан гөрі көркемдік жағынан анағұрлым жоғары деңгейде. Олардың зордың әмірімен емес, жүректің күшімен көңілден ұшқандығы көзге ұрады. Шабыт хошымен төгілгендігі байқалады. Мәселен «Астықты Нұра» мен «Сұлутеректі» немесе «Соғылды бесжылдықтың балғасы» мен «Құланөтпесті» салыстыруға болмайды. Айталық:

*Келеміз Құланөтпес сенен өтіп,*
*Жолшыбай тынбай жүріп ат терлетіп.*
*Көк тұманнан басына сауыт киіп,*
*Тәкәппар Амантау тұр өлеңдетіп,* - деп басталатын «Құланөтпес» әсем суреттелуімен баурай жөнеледі.

Сөз соңында бір ескертер жай мынау. Жөкең есімі Жолдекей деп жазылып келеді. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Е.Ысмайылов, Қ.Мұқышев мақалаларында Жолдыкей деп жазған. Демек, ақынның анық есімі – Жолдыкей.

14 сәуір, 1993 жыл

**АЙҚЫН НЕСІПБ.**
**«Жылжыған жылдар...»**
**Мақалалар жинағы. Қарағанды 2004.**

АППАРАТНЫЕ СОВЕЩАНИЯ

# ИНФОРМАЦИЯ
## О ходе реализации Закона Республики Казахстан от 11.07.2002 №313-2 «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» по Нуринскому району

На 01.01.2008 г на учете в отделе занятости и социальных программ состоит 103 детей с ограниченными возможностями до 18 лет, из них детей –инвалидов до 16 лет 88. в настоящее время отделением социальной помощи на дому детям с ограниченными возможностями обслуживаются 72 ребенка от 1 года до 18 лет. В отделении работают 18 социальных работника, с 01.04.2007 года принят на должность – консультант по социальной работе, специалисты подобраны согласно квалификационным требованиям.

На функционирование отделения выделено – 2288,0 тыс. тенге.

На сегоднящний день прошли ИПР (индивидуальную программу реабилитации): 43 ребенка поправили свое здоровье в санатории «Березки» - согласно разнарядке).19 детей получили памперсы, 3 детей получили кресло-коляски 4 поставлены на очередь на получение колясок. 7 детей получили магнитофоны для прослушивания книг.

На учете в отделении 12 детей дошкольного возраста (от года до 5 лет) уделяется большое внимание обучению социальных работников по обслуживанию детей дошкольного возраста методом индивидуального подхода к ним, 30 детей-инвалидов получают пособия по воспитанию и обучению на дому. Назначенная и выплаченная сумма за 2007 год.-524,3 тыс. тенге (в квартал -5198 тенге)

Для оказания педагогической коррекционной поддержки детям с ограниченными возможностями, согласно Постановления районного акимата № 03/09 от 07.02.2007 года на базе Киевской средней школы №3 открыт коррекционный кабинета с введением штата единицы педагога – психолога, обслуживаются 40 детей.

При РМО открыт кабинет врача – массажиста, где обслуживаются дети-инвалиды. Согласно рекомендациям психолого-медико – педагогической консультации (ПМПК), отдела образования и районного педиатра, подготовлены списки детей нуждающихся в оказании данных услуг.

*Особое внимание в системе летнего отдыха и оздоров*ления детей уделялось детям с ограниченными возможностями. Для них на базе КСШ №3 была организованна группа в пришкольном лагере.

На День защиты детей постановлением акимата района от 25 апреля 2007 года №08/02 103 детям-инвалидам до 16 лет выплачена материальная помощь в размере 3000 тенге на сумму -309 тыс. тенге. Кроме этого вручались подарочные наборы от спонсоров. Оформлена творческая выставка, где были показаны рисунки и поделки детей – инвалидов района, участники отмечены грамотами и призами.

К 01.09.2007 во всех населенных пунктах района проведена благотворительная акция «Кел, балалар, оқылық» где охватили и детей-инвалидов обучающихся в школе. Ко Дню инвалидов, инвалидам всех категорий выделена материальная помощь в размере 1000 тенге, из них на 01.10.2007 г. -99 детей-инвалидов до 16 лет.

**Г.ЖУПЕНОВА,**
**заведующая отделом занятости и социальных программ.**

# Хорошие новости



На основании постановления акима района С.Ж.Шайдарова спустя много лет в поселке Киевка вновь начало функционировать коммунальное государственное предприятие многопрофильного характера «Каратал», проще говоря – комхоз, возглавил которое Н.У.Искаков. Все организационные процедуры закончились еще до конца прошлого года, даже приобретена необходимая техника в виде экскаватора-погрузчика, трактора, прицепа и сварочного аппарата, а с января 2008-го уже началась полноправная текущая деятельность, в основном – это обслуживание водопроводов, благоустройство, очистка населенных пунктов, в дальнейшем еще и обслуживание дорог: улиц населенных пунктов и местных дорог.

Уже выделены средства в размере 20 миллионов тенге на ремонт и реконструкцию бывшей территории ДЭУ 356, где и будет размещаться производственная база коммунального предприятия. Кроме того, выделяются 30 миллионов тенге на восстановление бани, которую жителям обещают уже в этом году (капитальный ремонт и реконструкция). Объявлен конкурс на приобретение техники: два КамАЗа, дополнительный экскаватор, две ассенизаторских машины, трактор с прицепом. А это значит, что население вновь будет обслуживаться и по вывозу мусора и по откачке канализационных систем. Уже составляются договора с организациями и близлежащими населенными пунктами на вывоз шлакоотходов. Также заключается договор с предприятием «НураДорСтрой» (В.И.-Сергиенко), которое на своем грейдере будет производить очистку улиц райцентра от снега после буранов и метелей.



На сегодняшний день пока еще штат не совсем укомплектован кадрами, кроме двух механизаторов, механика и водителя, двух сантехников, которых уже приняли на работу, там требуется опытный инженер, бухгалтер, экономист и др. В селах, где имеется водопровод, а это Ахметауыл, Изенды, Соналы также от коммунального хозяйства содержатся свои сотрудники: техники, операторы и агенты, собирающие деньги.

На первых порах, как и в любой другой деятельности, остается еще много нерешенных вопросов, но Нуркей Уалиевич заручен поддержкой акима района и уверен, что все у них получится.

**Наталия ШЕВЧЕНКО.**

# Добро отзовется добром

Хочу рассказать об управляющем ТОО «Карой» Викторе Эмильяновиче Приб, которого я знаю с юношеских лет, общался с его родителями. Этот человек принадлежит к той категории людей, кого не портит ни высокая должность, ни достаток. Каждого, кто приходит в контору хозяйства по житейским вопросам, Виктор Эмильянович окружает заботой и вниманием. Особенно на себе это чувствуют малообеспеченные семьи, которым он находит возможность помочь и морально и материально. И здесь нет ничего удивительного: чуткое отношение к людям и добросовестный подход к делу ему присуще всегда.

Подтверждением тому является наличие на селе функционирующего клуба для отдыха молодежи, общественной бани, обслуживающей даже жителей соседних сел, и главное – хлебопекарни с буфетом, где реализуется напиток кумыс в зимнее время.

Каройская администрация и местная средняя школа по всем вопросам повседневной жизни работают целенаправленно и взаимно заинтересовано. И тех и других объединяет общее чувство ответственности за будущее детей. На средства, выделенные администрацией хозяйства после успешно проведенной осенней уборке урожая, для учащихся школы был приобретен необходимый инвентарь и имущество на сумму более ста тысяч тенге. Это цифровой фотоаппарат с цветным принтером, электродвигатель для котельной, спортивные зимние санки для катания, спортивные маты и другие хозяйственные вещи. За все это и сами ребята и родительский комитет очень благодарны руководителю хозяйства.

Но и это еще не все. Забота о население села и есть главная отличительная черта члена партии «Нұр Отан» В.Э.Приб. Им выделены немалые суммы на призы и подарки для проведения новогодней елки в школе.



31 декабря с вечера каройцы заполнили клуб села, где хозяйством и аппаратом акимата села были организованы новогодние гуляния до полуночи для взрослого населения. Карнавал проводили завклубом А.Дюсембаева и Снегурочка Р.Тютебекова. Новогодний хоровод, песни, пляски, игры с молодежью у елки украсили немалочисленные костюмы присутствующих: Бабы Яги, Кабана, Крыс и Мышей, Ночи, Цыганок. Очень многие за активное участие получили призы и сладости, а некоторые – ценные подарки.

Выражая общую благодарность сельчан Виктору Эмильяновичу, я уверен, с такими людьми легко жить не только сегодня, но и в будущем.

**Ж.БАЙСАЛОВ,**
**преподаватель истории Каройской СШ.**

# НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЙ СЕКТОР

*«Мы должны активно привлекать НПО на развитие социальной сферы, для контроля исполнения программ развития страны.»*

**(Н.Назарбаев, Послание народу РК 1 марта 2006г.)**

В начале января аким района С.Ж.Шайдаров посетил единственное на сегодняшний день неправительственное объединение по обеспечению и обслуживанию одиноких, престарелых и оставшихся без попечительства граждан, или, как мы привыкли его называть – частный Дом милосердия, принадлежащий Г.Е.Тусупбековой. Он пришел не только поздравить одиноких граждан с наступившим новым 2008-м годом и преподнести каждому подарок, но и познакомиться с коллективом и особенно теми, кто по собственной воле взвалил на себя эту нелегкую ношу по их обслуживанию.

За время пребывания здесь Серик Жаманкулович отметил чистоту и порядок в помещениях, приближенных к домашним условиям, наличие бани, прачечной и подсобного хозяйства, которое помогает постоянно иметь на столе молоко, яйца, кефир, летом – зелень из собственного огорода, свой картофель. Поинтересовался, участвует ли данное неправительственное объединение в грантах, без чего очень трудно подняться только за счет своих сил, и не без удивления узнал, что супруги Тусупбековы сами себе учредители. Кроме того, аким пообещал всяческую поддержку в проблемных вопросах. А их пока хватает. Среди наиболее остро стоящих – вывоз ста тонн угля из города, безвозмездно переданного из фонда Красного Креста. Не менее важным вопросом стоит и установка пожарной сигнализации, пропитка невозгораемой смесью крыши здания, о которых постоянно напоминают в своих предписаниях сотрудники противопожарной инспекции. На эти цели необходимы сотни тысяч тенге, каковых у частных владельцев, конечно же, нет.

Гульнар Еслямовна очень надеется, что многое может измениться уже со следующего месяца, а именно, когда исполнится год (14 февраля) с того момента, когда им присвоен статус НПО. Этот короткий промежуток времени внес огромные перемены в ее жизнь. За год она успела побывать не на одном семинаре, была участником «круглого стола», проводимом Европейским союзом; делегатом третьего Гражданского форума по вопросам «Экономических, правовых и гражданских механизмов влияния общества на представление государственных услуг» в г.Астане; делегатом областной конференции НПО области, основная тема которой звучала как – роль неправительственных организаций в реализации Стратегии территориального развития Карагандинской области, которая посвящалась вопросам становления конкурентоспособности региона на уровне республиканской и мировой экономики. Именно здесь участники доказывали, что реализация поставленных государством задач дальнейшего перспективного развития страны и каждого региона в отдельности возможна при поддержке инициатив власти со стороны общества, на развитие которого и направлены все предусмотренные меры республиканской и региональной стратегии развития.

Кроме полученных знаний, Гульнар Еслямовна еще обзавелась и единомышленниками, нужными связями и поддержкой со стороны Ассоциации женщин, общественного объединения «Женщины Сарыарки», со многими из которых сегодня находится в полезном для себя общении. Эти организации объединили женщин, занятых в таких деловых сферах общества, как: политика, государственное управление, исполнительная власть, экономика, предпринимательство, образование, здравоохранение, культура и т.д. Очень многие выбрали пути попроще, а потому относятся к Гульнар Еслямовне, взвалившей на свои плечи заботу об одиноких стариках, как к достаточно ответственному человеку, которому можно доверить свою жизнь. В ее семейном архиве множество благодарственных писем, последние из которых она получила «За активную жизненную позицию в реализации гендерной политики на селе», а в декабре - за победу в конкурсе «Развитие гражданского общества на селе», проводимого среди НПО области.

Появилась непосредственная помощь и от отдела занятости населения, а именно пять рабочих от биржи, которые находятся в постоянном распоряжении НПО. И это очень кстати, потому что в планах Тусупбековых - благоустройство двора, проведение санузла на 1-ом и 2-ом этажах, отделение двух комнат со всеми удобствами для тяжелобольных и т.д.

Думала ли когда-то Гульнар Еслямовна, что всего через несколько лет, как воплотит свою идею об открытии Дома милосердия в жизнь? И хотя она, врач по образованию, с многолетним опытом практической работы была уверена, что справится со взятыми на себя такими обязанностями, даже не представляла, сколько трудностей им придется испытать вместе с мужем – Коянбаем Такировичем, не просто инженером с высшим образованием, но и ее лучшим советчиком, помощником и другом. Ведь вдвоем они не только заботятся о каждом своем подопечном, лечат больных, но и провожают их в последний путь, соблюдая при этом все национальные традиции. А если учесть, что из 37-ми человек от 50-ти до 90-а лет здесь всего 10 одиноких граждан коренной национальности, то ни это ли пример искренности, неподдельных чувств сопереживания любому, кто в этом нуждается.

Сегодня Гульнар Еслямовна чувствует в себе силы вести работу по здоровому образу жизни с пожилыми людьми района. И это тема ее будущего проекта, который она будет предоставлять среди равных партнеров по НПО. Это новый для нее мир, в который она легко влилась, имея огромное желание повысить свой профессиональный уровень и как можно больше отдать тем, кто в этом нуждается. Теперь она знает, что есть люди, фирмы, компании, способные финансировать понравившийся проект. Надо только очень правильно его сформулировать, доказать важность, актуальность и своевременность, что и собирается сделать бывший частный предприниматель, а ныне – владелица неправительственного объединения по обеспечению и обслуживанию одиноких стариков Г.Е.Тусупбекова, уверенная, что общественные организации могут повлиять на развитие процессов демократизации и гражданских институтов в нашем обществе.

**Наталия ШЕВЧЕНКО.**

# Алғысқа лайық азамат

Қара Нұра бойындағы ежелгі Казгородок ауылы қазіргі күнде Кертінді ауылы деп аталады. Тоқырау заманында алғашқылардың бірі болып «кеңестік совхоз» деген атпен қоштасып, ұсақ-ұсақ меншікті шаруа қожалықтары болып кеткен еді.

Ал қазіргі күнде сол шаруашылықтар іріктеліп жұмыс орындары көбейіп, ауыл тұрмысы едәуір жақсара түсуде. Білікті де іскер азаматтардың жеке меншік шаруа қожалықтары айтарлықтай дамып, ауыл өңіріне, тұрғындардың өмір-тіршілігіне өз үлестерін қосуда.

Қазіргі таңда ауылымыздағы Мәдениет үйі де биыл екінші жыл айтулы күндерді мәдени іс-шаралармен атап өтіп отырады. Ауыл жастарының және мектеп оқушыларының көмегімен мерекелік іс-шаралар ауыл тұрғындарына қызмет көрсетеді.

Әрине мұндай іс-шаралар өткізуге бізге қаражат жағынан демеушілік көмек керек-ақ, міне осындайда біз ауылымыздағы шаруа қожалықтарының демеушілік көмегіне жүгінеміз. Жаңа жылдық мерекелік кешті, бүлдіршіндерге арналған «Жасыл-шырша» мерекесін өткізуге бізге қомақты қаржы керек болды. Міне, осы мерекелік іс-шараға қомақты үлес қосып, бүлдіршіндердің ақ-адал пәк күлкілеріне, балғын жүздеріне қуаныш нұрын сепкен жеке меншік шаруа қожалығының басшысы Рақымбеков Сейіт ағамыз болды.

«Жақсының жақсылығын айт-нұры тасысын» деген халқымыздың дана сөзі осындайда келеді екен. Немере, шөбере сүйіп отырған үлкен жанұяның ұйтқысы Сейіт ағай мен Мәрәш жеңгей екеуі бүлдіршіндердің бал күлкісінің қадырын түсінетіндіктерін көрсетті.

Ауылымыздағы бес жасқа дейінгі жүз он бүлдіршін сәбилерге жаңа-жылдық сыйлық тарту етіп, бүлдіршіндерге арналған «Жасыл шырша» - мерекесін өте тартымды өткізді.

Міне, «жақсы адам ортамызда жүрсе елге құт» – деген осы болар. Бал-бөбектердің алғысына бөлену, олардың қуаныштан нұрланған жүздерін көру ересектер үшін, ата-аналар үшін зор бақыт емес пе? «Сейіт аталарыңнан сендерге Жаңа жылдық базарлық» - деген жазуы бар қалташалардағы тәттілерді жеген балалардың Сейіт ағаға деген ақ бата, алғыстары шексіз болды ғой деп ойлаймын.

Осы мақаламды пайдалана отырып, ауылымыздың мәдени іс-шараларға демеушілік көрсетіп жүрген басқа да азаматтарға ауыл тұрғындарының атынан алғыс-рахметімді айтқым келеді.

Әрқашанда еңбектеріңіз табысты болып ел алғысына бөлене беріңіздер, демекпін.

**С.ҚОҚАНОВ,**
**Кертінді ауылының**
**Мәдениет үйі меңгерушісі.**

## Қарағанды облысы Нұра ауданының қаржы бөлімі келесі тауарды: мектептерге азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алу бойынша ашық конкурс өткізу туралы хабарландырады

Сатып алынатын тауарлардың толық тізімі, саны және толық маманданымы конкурстық құжаттамада көрсетілген.

Жұмыстың орындалуы: аудандық мектептер.

Орындалудың талап етілетін мерзімі: 31.12.2008ж.

Конкурсқа «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы

1 тармағында көрсетілген біліктілік талаптарға сай келетін барлық ықтимал өнім берушілер жіберіледі. Конкурстық құжаттама пакетін 2008ж. 11 ақпанды қоса есептегенде сағат 15.00 дейін, қалған күні сағат 9.00-ден 18.00 дейінгі мерзімде мына мекен-жай бойынша: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киевка кенті, Талжанов көшесі, 9-үй, №4 бөлмеде конкурстық құжаттаманы алуға болады.

Ықтимал өнім берушілер конкурсқа қатысу үшін конверттерге жапсырылған конкурстық өтімдерін Нұра ауданының қаржы бөліміне, мына мекен-жай бойынша: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киевка кенті, Талжанов көшесі, 9-үй, №4 бөлмеге табыс етеді (жібереді).

Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі 2008 жыл 12 ақпан күні сағат 14-00 ге дейін.

Конкурстық өтімдер салынған конверттер 2006 жылғы 12 ақпан сағат 15.00-де мына мекен жайда: Киевка кенті, Талжанов көшесі, 9-үй, №4 бөлмеге ашылады. Ықтимал өнім берушілер конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатыса алады.

**Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон бойынша алуға болады: 8 (721-44) 2-26-42.**

## Отдел финансов Нуринского района Карагандинской области объявляет о проведении открытого конкурса по государственным закупкам продуктов питания

Полный перечень закупаемых товаров, объем и их подробная спецификация указаны в конкурсной документации.

Товары должен быть поставлены по школам района.

Требуемый срок поставки: 31.12.2008г.

К конкурсу допускаются все потенциальные поставщики, отвечающие квалификационным требованиям, указанным в п.1 ст.8 Закона Республики Казахстан « О государственных закупках».

Пакет конкурсной документации можно получить в срок до 15.00 часов 11 февраля 2008г., в остальные дни с 9.00 до 18.00 часов, включительно по адресу: п. Киевка Нуринского района, ул. Талжанова, 9, кабинет№4.

Конкурсные заявки на участие в конкурсе, запечатанные в конверте, представляются потенциальными поставщиками в отдел финансов Нуринского района по адресу: п.Киевка, ул.Талжанова, 9, кааб.,№4.

Окончательный срок представления конкурсных заявок до 14.00 часов 12 февраля 2008г.

Конверты с конкурсными заявками будут вскрываться в 15.00 часов 12 февраля 2008года по адресу: п.Киевка, ул.Талжанова, 9, каб., №4, отдел финансов Нуринского района.

Потенциальные поставщики могут присутствовать при вскрытии конвертов с конкурсными заявками.

**Дополнительную информацию и справки можно получить по телефону: 8 (721-44) 2-26-42.**

# Құттықтаймыз! Поздравляем!

Қадірлі де, құрметті ұстаз **Нұрғайша Жағанқызы!** Сізді туған күніңізбен құттықтаймыз.

*Алтындай әрбір сөзін салмақтаған,*
*Әрі ұстаз, әрі ана – жан-жақты адам.*
*Құтты болсын бүгінгі тойлы күніңіз*
*Асылдың сынығындай ардақты адам!*

*Таңыңыз әрбір атқан-арайлы атсын,*
*Отбасына бақ қонып, баян тапсын!*
*Жүз жасаңыз, нұр тамып жүзіңізден.*

**Ізгі тілекпен: Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра аудандық мұғалімдер кәсіподақ ұйымы.**



Киевка кентінің тумасы, ұжымда берекелі, досқа адал, туысқа мейірімді, кішіпейіл әріптесіміз **Аринова Сәуле Қалаубайқызын** туған күнімен құттықтай отырып, мына өлең жолдарын арнаймыз:

*Адалдықтың бетке алып дара шыңын,*
*Бағындырдың мақсаттың сан асуын.*
*Ұзақ өмір, бақ-байлық, зор денсаулық.*
*Бұл өмірдің тілейміз бар асылын.*

**Ізгі ниетпен тілек білдірушілер: «Нұра» газеті редакциясының ұжымы.**

* * *

Майоровка ауылының тұрғыны адалжар, ардақты әкеміз **Сериков Марат Әбдіғалиұлын 50 жасқа** толған мерейтойымен құттықтаймыз. Денсаулығыңыз зор, отбасы аман болып, ұзақ ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз.



*Әкежан, 50 жасың құтты болсын,*
*Құрыштай денсаулығың мықты болсын.*
*Анамыз екеуіңіз бірге жасап,*
*Өмірлерің шаттық пен нұрға толсын.*

**Ақ ниетпен: жұбайы-Әзиза, балалары: Думан-Динара, Әсел-Дархан, Дулат, Әсет, немерелері:Диас, Ділназ.**

* * *



**С 50- летним юбилеем Гринь Александра Степановича, начальника «ДЭУ-48»**

*50- это не праздник старости,*
*Пусть не чувствует сердце усталости.*
*Это зрелось во всем и всегда,*
*Это опыт большого труда.*
*Это возраст совсем небольшой,*
*Ежели не стареть душой.*
*Счастья Вам полную чашу,*
*За труд и отзывчивость Вашу.*

**С наилучшими пожеланиями коллектив «ДЭУ- 48».**

* * *



**с 80 - летним юбилеем дорогого нам человека, Чеснокову Клавдию Ивановну!**

*Пусть годы идут,*
*Только ты не грусти,*
*Ведь жизнь –*
*Это все же прекрасно.*
*Здоровья тебе*
*И удачи в пути,*
*И доли спокойной и ясной!*

**С любовью дети, внуки и правнуки.**

* * *



К.Мыңбаев ауылының тұрғыны **Жүсіпова Раушан Лұқпанқызын 50 жасқа** толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, мол бақыт тілей отырып мына өлең жолдарын жолдаймыз:

*Құтты болсын 50 деген жасыңыз,*
*Әлі талай асулардан асыңыз.*
*Балалар мен немерелерді қызықтап,*
*Мықты болып жүзге келсін жасыңыз.*

**Тілек білдірушілер: Жүсіповтар отбасы.**